

Семей қаласы бойынша 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2020 жылғы 9 қаңтардағы № 10 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қаңтарда № 6526 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Семей қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Семей қаласы бойынша 2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Семей қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғанынан кейін осы қаулының Семей қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Әкімдік қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің әлеуметтік сала, ішкі саясат, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласының әкімі

Е. Салимов

Семей қаласы әкімдігінің
2020 жылғы " 9 " қаңтары
№ 10 қаулысына қосымша

2020 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, Семей қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 08.10.2020 № 1567 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Р/с №	Ұйымның атауы		Тәрбиеленушілердің саны, адам		Бір айда бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі, теңге	Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері, теңге
	барлығы	оның ішінде:	барлығы	оның ішінде:		
толық күн болатын	толық емес күн болатын	толық күн болатын	толық емес күн болатын			
1.	"№ 1 "Арман" ясли-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	320	320	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
2.	"№ 2 "Айдана" ясли-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	347	347	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
3.	"№ 4 "Балдәурен" ясли-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – 12 бала түзету тобы	308	308	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
12	12		59895			
4.	"№ 5 "Бала әлемі" ясли-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны – 12 бала түзету тобы	308	308	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
12	12		59895			
5.	"№ 6 "Нұрсәуле" ясли-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	320	320	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
6.	"№ 7 "Ақ бота" ясли-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	320	320	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500

16.	"Асыл Жібек" шағын орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20	20	31130		3 - 6 жас аралығында 12500
17.	"Алтын бесік" ясли-бақшасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі - 15 бала түзету топтары	485	485	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
15	15		59895			
18.	"Югай Галина Викторовна" жеке кәсіпкер "Балғын" шағын орталығы	60	60	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
19.	"Сәт Транс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Өрлеу" балабақшасы	280	280	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
20.	"Ақылтай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	320	320	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
21.	"Erudit Kids" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	145	145	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
22.	"Алтын бала" мектепке дейінгі балалар шағын орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	60	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
23.	"Аяла бөбек" шағын орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20	20	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500
24.	"Asylum KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20	20	31130		3 жасқа дейін 12400 3 - 6 жас аралығында 12500